

# «ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫ САРАПТАУ: ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ» АТТЫ ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ ЖАЙЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ОЙЛАР<sup>1</sup>



М.А. ЕСТЕМИРОВ,  
«M.S. Narikbayev atyndagi  
KAZGUU Universiteti» АҚ  
Аға оқытушы, PhD

Мақалада Қазақстан Республикасының Заңнама Институтының мамандары жариялаған «Заңды тұлғалар туралы заңнаманы сараптау: теория және іс жүзінде қолдану тәжірибесі». /Жауапты редакторы Ж.У. Тлембаева, Астана. 2018. – 198 б. ғылыми басылымы жайлы автордың жекелеген ойлары сипатталған. Ғылыми басылымның авторлары іскерлік айналымның көкейкесті мәселелерін айқындау бағытында орасан үлкен шаруаны атқарған және жан-жақты мұқият талдау арқылы аталған мәселелерді шешу жолдарын ұсынған. Бұл ғылыми басылымның құндылығын арттыра түскендігі даусыз. Сонымен бірге, мақала авторы ғылыми басылымның баяндау құрлымының ыңғайлы ойластырылғанына да оң баға береді. Жалпылай алғанда, автор бұл ғылыми еңбекке жоғары оң баға бере тұрғанымен, ұсыныс сипатындағы бірнеше ескертпелерді

де білдіреді. Атап айтқанда, автор «корпоративтік дау» ұғымымен байланысты сауалдарды бұдан да әрі тереңірек талдай түсу қажет еді, деп пайымдайды.

*Тірек сөздер: заңды тұлға, коммерциялық ұйым, коммерциялық емес ұйым, акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, иесіз акциялар, корпоративтік дау.*

Біз тарапымыздан пікір білдірілгелі тұрған ғылыми еңбек Қазақстан Республикасының Заңнама Институтының бір топ мамандары тарапынан әзірленіп, 2018 жылы жарық көрген және «Мониторинг законодательства о юридических лицах: теория и практика применения» деп аталады. Жалпы мазмұны 198 парақтан тұрады. Аталған ғылыми еңбекті оқып шығу нәтижесінде әзірлеушілердің орасан шаруаны жоғары сапада атқарып шыққандығына көз жеткіздік. Дегенмен, сапасын бұдан да арттыра түсу мүмкіндігінің де бар екендігін аңғардық. Енді, осыны ары қарай тарқатып айтсақ.

Сонымен, ғылыми басылымды әзірлеушілер заңды тұлға қызметінен туындайтын сауалдардың құқықтық реттелуінде келесідей олқы тұстардың бар екендігін атап көрсетеді:<sup>2</sup> (1) заңды тұлғалар қатысатын қатынастарды ұтымды құқықтық реттеудің кемшіл түсіп жатуы; (2) коммерциялық емес заңды тұлғаның жекелеген ұйымдық-

© М.А. Естемиров, 2019

<sup>1</sup>Мониторинг законодательства о юридических лицах: теория и практика применения. Научное издание / Под ред. Ж.У. Тлембаевой. Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2018. – 198 с.

<sup>2</sup>Там же. Б.16.

құқықтық нысандар тізімінің ашықтығы; (3) корпоративтік қатынастарға байланысты сауалдардың реттелмегендігі; (4) заңды тұлға қызметін реттеуге бағытталған заңдардың және заңға сәйкес актілердің молдығы. Осылай деп отандық құқықтық реттеудің кемшіл тұстарын айқындап көрсеткен әзірлеушілер, бұл жағдайдың ел экономикасының инвестициялық тартымдылығына кері әсер ететіндігіне назар аударады. Бұл тұстағы әзірлеушілердің құқықтық реттеудегі олқы тұстарды нақты ашып көрсетуі, байыпшен сипатталған құрлымдық жүйесі бұл ғылыми басылымның құндылығын арттыра түскендігі даусыз. Енді, бұдан әріде осы мақала ауқымы мүмкіндік беретін деңгейде қолданыстағы құқықтық реттеудің кемшіл тұстарын әзірлеушілердің қалай сипаттағандығына назар аударсақ.

(1) Заңды тұлғалар қатысатын қатынастарды ұтымды құқықтық реттеудің кемшіл түсіп жатуы. Әзірлеушілер бұл бөлікте заңды тұлғаның әрбір ұйымдық-құқықтық нысанына жекелей тоқталып, жан-жақты ұтымды сипаттаған. Алдымен, әзірлеушілер елімізде тіркелген коммерциялық заңды тұлғалар жайлы келесідей статистикалық деректерді келтіреді, атап айтқанда:

Сенім серіктестігі – 66;

Толық серіктестік – 878;

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік – 258;

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік – 367 540;

Акционерлік қоғам – 1 642,

*осының ішінде мемлекеттің қатысуымен құрылғандары- 88;*

Мемлекеттік кәсіпорын – 6 645,

осының ішіндегі қазыналық кәсіпорындары – 5 112;

Өндірістік кооперативтер – 7 705;

Барлығы – 384 734.<sup>3</sup> Келтірілген бұл ұйымдық-құқықтық нысандардың ішінен авторлар алдымен, акционерлік қоғам нысанына қатысты деректерді талдаудан бастаған.

«Акционерлік қоғамдар туралы» отандық заңға талдау жүргізу нәтижесінде әзірлеушілер, ерлі-зайыптылардың бірі өзінің атындағы акцияны иеліктен шығарған ретте зайыбының (ерінің) нотариалды келісімін алу-алмауға қатысты, бірігу туралы шартқа акционерлік қоғамның қай органының қол қоятындығына қатысты және өзге де осы сынды қажетті түзетулер енгізу жайлы орынды ұсыныстар білдірген. Сонымен бірге, акционерлік қоғам нысанына арналған бөлікте акционерге тиесілі акцияны иесіз деп тану мәселесі көтеріліп, осы қатынастарды реттейтін қажетті механизмдердің жоқ екендігіне және сол себепті, қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгертулер мен толықтырулар ендірудің қажеттігіне назар аударылады. Дегенмен, бұл өзгерістер мен толықтырулардың мазмұны, сипаты қандай болуы тиістігі жайлы сауал басы ашық күйінде қалған.

Осы тұста, дәл осы сауалдың соңғы жылдары жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында да өзекті болып жатқандығына және ЖШС-пен байланысын үзіп алған қатысушының үлесіне қатысты сауалдарды реттеуге «үлесті мәжбүрлеп сатып алу» тәсілінің қауқарлы екендігіне біз тарапымыздан назар аударылған еді.<sup>4</sup>

<sup>3</sup>Там же. Б.14-16.

Сол себепті, қолданыстағы «Акционерлік қоғамдар туралы» отандық заңда белгілі-бір жағдайларда акцияны (үлесті) мәжбүрлеп сатып алуға жол берілетіндігін неге бекітпеске? Мысалы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әріде-ҚР АК) 139-бабының 5-тармағында «Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзінің әрекетімен немесе әрекетсіздігімен акционерлік қоғамның мүддесін бұзған акционерден акцияларды сот шешімі бойынша сатып алу мүмкіндігі көзделуі мүмкін» деген ереже бекітілген. Демек, заң шығарушы акцияны жекелеген жағдайларда мәжбүрлеп сатып алуға рұқсат етілетіндігімен келіседі. Дегенмен, ҚР АК деңгейінде бекітілген бұл ереже арнайы «Акционерлік қоғамдар туралы» отандық заңнан көрініс таппаған. Сол себепті, заң шығарушыға осы тәсілді жоғарыда аталған жағдайдың шешімі ретінде қарастырып көруді ұсынған болар едік.

Ал, іскерлік айналымда ең үлкен сұранысқа ие ұйымдық-құқықтық нысан – жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты қолданыстағы заңнаманы кемелдендіру мақсатында әзірлеушілер келесідей орынды ұсыныстарды ортаға салады: *біріншіден*, серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерінің ең төменгі шектен азаю салдарына қатысты ҚР АК мен «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР заңының (бұдан әріде-ЖШС туралы заң) ережелерін сәйкестендіруге қатысты ұсыныс білдірілген; *екіншіден*, қатысушының үлесті иеліктен шығару арқылы серіктестіктен шығуға құқылы екендігіне қатысты Жер кодексінің және ЖШС туралы заңның ережелерін сәйкестендіруге қатысты ұсыныс ортаға салынған; *үшіншіден*, ескірген құқықтық нормаларды алып тастауға қатысты ұсыныс айтылған; *төртіншіден*, ЖШС-тің жалғыз қатысушысы ретінде бір тұлғадан тұратын өзге шаруашылық серіктестіктің бола алмайтындығы жайлы тыйымның қолданысына қатысты баға берілген; *бесіншіден*, серіктестіктің атқарушы органын бес жылдан аспайтын мерзімге ғана тағайындауға болатындығы жайлы ереженің орындылығына баға берілген; *алтыншыдан*, ЖШС туралы заңның 4-бабындағы «серіктестіктің фирмалық атауының қысқарған нысанын және оның шет тілдердегі **баламаларын** пайдалануға да құқығы бар» деген тұсында қолданылатын «баламалары» сөзін өзге нақты сөзбен алмастыру жайлы байлам жасалған; *жетіншіден*, қайталанатын нормаларды қысқартуға қатысты ұсыныс білдірілген; *сегізіншіден*, қатысушы үлесін мәжбүрлеп сатып алу механизмін жетілдіруге қатысты ұсыныс сипатталған; *тоғызыншыдан*, ЖШС туралы заңның 13-бабының 1-тармағына толықтыру ендіру жайлы ұсыныс айтылған; *оныншыдан*, үлес иеліктен шығарылған реттегі қатысушы құқықтары мен міндеттерінің ауысу сәтіне қатысты қолданыстағы заңнамаға нақтылау енгізу көзделген.

ЖШС нысанына қатысты қолданыстағы заңнаманы кемелдендіруге бағытталған жоғарыдағы ұсыныстарға оң баға беріп, бүкіл ынтамызбен қолдай тұрғанымызбен, келесідей сыни ескертпелерді де білдіруді жөн деп таптық: *біріншіден*, үлесті мәжбүрлеп сатып алу тәсіліне қатысты жоғарыда келтірілген сегізінші тармақта

<sup>4</sup>Естемиров М.А. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесті иесіз деп тану жөніндегі отандық сот тәжірибесіне шолу // Недействительные сделки в гражданском праве: материалы междунар. научн. практ. конф. в рамках ежегодных цивилистических чтений, посвященной 75-летию профессора Рольфа Книпера (Алматы, 19-20 мая 2016 г.) / Отв. ред. М.К. Сулейменов. Алматы: НИИ частного права, 2017. – Б. 702-710.

сипатталған «МГК» ЖШС-де даудың мазмұнын беруде аздап ауытқу орын алған. Ал, аталған істегі басты сауал, жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын ЖШС-тің қатысушылар құрамындағы өзгерістің жүргізілу тәртібіне қатысты болған еді; *екіншіден*, ЖШС туралы заңнаманың қолданысының басты өзекті мәселесі – құқыққолдану тәжірибесінде жатыр. Шындығында, құқықтық норманың сипатталуында ешбір ақау болмағанымен, алайда, құқықтық нормаға қатысты құқыққолдану тәжірибесі заң шығарушы мүлдем жоспарламаған бағытта өрбіп жатқан болуы мүмкін.<sup>5</sup> Сол себепті, заңды тұлғаның жекелеген нысандары жайлы талдау жүргізу барысында міндетті түрде құқыққолдану тәжірибесіне басым назар аударылғаны жөн.

Дәл жоғарыдағыдай тәртіппен әзірлеушілер, өндірістік кооператив және коммерциялық емес заңды тұлғаның жекелеген ұйымдық-құқықтық нысаны туралы заңнаманыда жетілдіруге қатысты орынды һәм өзекті ұсыныстар білдірген. Дегенмен, әзірлеушілер отандық зерттеушілердің еңбектерінің нәтижелерімен мұқият таныса түссе, құба-құп болар еді. Мысалы, Талдықорған Университетінің зерттеушісі Б.Ж. Айтимов өзінің зерттеу еңбегінде кооперативтерді өндірістік және тұтыну деп жіктеудің жеткілікті негіздемесінің жоқтығына назар аударады және сол себепті, аталған жіктеуді алып тастау жайлы ұсыныс білдіреді.<sup>6</sup> Осы тұста, бұл ғылыми басылымды әзірлеген әріптестеріміз, Ресей Федерациясының Үкіметінің жанынан құрылған Салыстырмалы құқықтану және заңнама институтының қызметкерлері әзірлеген «Юридические лица в российском гражданском праве» деп аталатын 3 томдық монография іспеттес терең талданған еңбекті әзірлеуді алдағы жылдардың жұмыс жоспарына енгізсе құба-құп болар еді.<sup>7</sup> Сонымен бірге, қабылданатын заңдардың сапасын арттыра түсу мақсатында Парламенттің немесе Президенттің жанынан салыстырмалы құқықтану институтын құру жайлы профессор С.Ф. Ударцевтің білдірген ұсынысы да қолдауға тұрарлық бастама деп пайымдаймыз.<sup>8</sup>

(2) Коммерциялық емес заңды тұлғаның жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандар тізімінің ашықтығы. Мемлекеттік тіркеуден өткен коммерциялық емес заңды тұлғалар жайлы аталған еңбекте келесідей деректер келтірілген:

Мемлекеттік мекеме – 20 994;

Мекеме – 3 525;

<sup>5</sup>Естемиров М.А. Конституциялық құндылықтардың жеке құқық саласындағы қолданысы // Қазақстан Республикасының Конституциясы Күніне арналған «Конституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (2017 ж. 2-30 тамыз) /Жалпы редакциясын басқарғандар: И.И. Рогов, А.О. Шәкіров, Астана: Баспа: «Жарқын Ко»: 2017. Б. 397-402.

<sup>6</sup>Айтимов Б.Ж. Қазақстан республикасында коммерциялық емес ұйымдар қызметін құқықтық реттеу мәселелері: 6D030100 — құқықтану мамандығы бойынша филос. докт. (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дис. Талдықорған, 2016. – 161 б.

<sup>7</sup>Юридические лица в российском гражданском праве: монография. В 3-х т. / А.В. Габов, О.В. Гутников, Н.Г. Доронина и др.; отв. ред. А.В. Габов, О.В. Гутников, С.А. Сеницын. — М.: Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве Российской Федерации: ИНФРА-М, 2015.

<sup>8</sup>Ударцев С.Ф. Будущее – уже завтра // Казахстанская правда. 20 июня 2019 года. С. 4.

Акционерлік қоғам – 663;  
Заңды тұлғалар бірлестігі – 1 591;  
Қорлар – 6 697;  
Қоғамдық бірлестіктер – 11 217;  
Діни бірлестіктер – 966;  
Тұтыну кооперативтері – 4 804;  
Тұрғын-үй құрылыс кооперативтері – 576;  
Пәтер иелерінің кооперативтері – 2 574;  
Өзге де нысандағы ұйымдар – 2 203;  
Барлығы – 55 810.

Қазақстан Республикасында тіркелген коммерциялық және коммерциялық емес заңды тұлғалар жайлы статистикалық деректерді келтіре отырып, әзірлеушілер елімізде заңды тұлғаларды тіркеудің екі үлгісінің қалыптасқандығына, атап айтқанда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес коммерциялық заңды тұлғалар үшін онайлатылған мемлекеттік тіркеу режимінің қарастырылғандығына, ал, коммерциялық емес заңды тұлғалар үшін құқықтық сараптауды талап ететін мемлекеттік тіркеу режимінің жұмыс істейтіндігіне назар аударады.<sup>9</sup> Әзірлеушілер, шындығында коммерциялық емес заңды тұлғаның жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандарына талдау жүргізуге бағытталған қыруар шаруаны атқарған және осы жұмыстың нәтижесі еңбекте ұтымды көрініс тапқан. Ал, коммерциялық емес заңды тұлға құрылуы мүмкін жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандардың тізімін жабық етіп беруді қолдауға тұрарлық және уақыт талабымен пісіп-жетілген ұсыныс деп бағалауға болады.

(3) Корпоративтік қатынастарға байланысты сауалдардың реттелмегендігі. Бұл сауалдар ғылыми еңбектің 113 – 161 парақтары аралығында талданған. Бұл бөлікке қатысты келесідей бір ұсыныс білдіруге болады. Атап айтқанда, әзірлеушілер басылымда «корпоративтік дау» ұғымына тоқталады.<sup>10</sup> Дегенмен, осы ұғымның қолданысына қатысты құқыққолдану тәжірибесінде туындап жатқан қиындықтарды еңсеруге қатысты нақты ұсыныстарды, кітаптың қорытынды бөлігінде білдірілген байламдар тізіміне қосса басылымның құндылығы бұдан да күшейе түскен болар еді. Атап айтқанда, қазіргі кезде отандық құқыққолдану тәжірибесінде «корпоративтік дау» санатына тек, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процесстік Кодексінің (бұдан әріде-ҚР АПК) 27-бабында көрсетілген тізімде аты аталған ғана істер жатады деген ұстаным бар. Айталық, дау мазмұны корпоративтік қатынастардан туындағанымен, бірақ бұл дау ҚР АПК 27-бабындағы тізімде аты аталмаса, онда дау «корпоративтік дау» санатына жатқызылмайды. Біздің пайымдауымызша, бұл ұстаным түзетілуі тиіс. Демек, ҚР АПК 27-бабындағы тізімде берілмегенімен, егер дау корпоративтік қатынастан бастау алып жатқан болса, онда корпоративтік дау санатына жатқызылуы тиіс.

<sup>9</sup>Мониторинг законодательства о юридических лицах теория и практика применения. Научная издание / Под ред., Ж.У. Тлембаевой. Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2018. Б.14-16.

<sup>10</sup>Там же. Б. 121-124.

(4) Заңды тұлға қызметін реттеуге бағытталған заңдардың және заңға сәйкес актілердің молдығы. Әзірлеушілер заңды тұлға қызметін реттейтін заңнаманы екі деңгейде яғни, ҚР АҚ және арнайы заңдар деңгейінде болғаны жөн деп пайымдайды. Бұл пайым да құпталуы тиіс байлам болып табылады.

Осы шағын шолуды қорытындылай келе, қазіргі пікір білдіріліп жатқан еңбектің бүгінгі таңдағы іскерлік айналым мұқтажығын көрсететін шын мәніндегі құнды дүние екендігін тағы бір атап өткіміз келеді және еңбекті дайындап, жарыққа шығарған әзірлеушілер тобына отандық жеке құқық ғылымының дамуына осы сынды өзге де құнды еңбектерді жарыққа шығару арқылы үлес қосуына тілектестігімізді білдіреміз.

### **М.А. Естемиров: Отдельные мысли о научном издании на тему «Мониторинг законодательства о юридических лицах: теория и практика применения».**

В статье изложены отдельные мысли автора о книге «Мониторинг законодательства о юридических лицах: теория и практика применения: Научное издание / Под ред. Ж.У. Тлембаевой – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2018. – 198 с.», опубликованной сотрудниками Института законодательства Республики Казахстан. Авторы данного научного издания провели колоссальную работу по выявлению наиболее актуальных вопросов правоприменительной практики и на основе всестороннего анализа предложили пути решения проблем правоприменительной практики. Это безусловно увеличивает научную ценность данного труда. Также автор положительно оценивает продуманную структуру изложения данного научного издания. В целом, автор, высоко оценивая данный научный труд, в то же время выражает несколько замечаний рекомендательного характера. Например, автор полагает, что следовало бы более детально проанализировать вопросы, а связанные с понятием «корпоративный спор».

*Ключевые слова: юридическое лицо, коммерческая организация, некоммерческая организация, акционерное общество, товарищество с ограниченной ответственностью, бесхозяйные акции, корпоративный спор.*

### **М.А. Yestemirov: Some thoughts on the scientific publication on the topic «Monitoring of legislation on legal entities: theory and practice of application».**

The article presents some thoughts of the author about the scientific publication on "Monitoring of legislation on legal entities: theory and practice of application: Scientific publication / Ed. Zh.U. Tlembayeva – Astana: "Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan", 2018. – 198 p.", published by the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan. The authors of this scientific publication, have done a great job to identify the most pressing issues of law enforcement practice and on the basis of a thorough and comprehensive analysis proposed solutions to these issues. This certainly increases the scientific value of this work. Also, the author appreciates the well-thought-out structure of the presentation of this scientific publication. In General, the author highly appreciating this scientific work, at the same time makes several recommendations on the content. For example,

the author believes that it would be necessary to analyze in more detail the issues related to the concept of "corporate dispute".

*Keywords: legal entity, commercial organization, non-commercial organization, joint-stock company, limited liability company, ownerless shares, corporate disputes.*

### Библиография:

1. Мониторинг законодательства о юридических лицах: теория и практика применения. Научное издание / Под ред., Ж.У. Тлембаевой. Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2018. – 198 с.

2. Естемиров М.А. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесті иесіз деп тану жөніндегі отандық сот тәжірибесіне шолу // Недействительные сделки в гражданском праве: материалы междунар. научн. практ. конф. в рамках ежегодных цивилистических чтений, посвященной 75-летию профессора Рольфа Книпера (Алматы, 19-20 мая 2016 г.) / Отв. ред. М.К. Сулейменов. Алматы: НИИ частного права, 2017. – Б.702-710.

3. Естемиров М.А. Конституциялық құндылықтардың жеке құқық саласындағы қолданысы // Қазақстан Республикасының Конституциясы Күніне арналған «Конституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (2017 ж. 2-30 тамыз) / Жалпы редакциясын басқарғандар: И.И. Рогов, А.О. Шәкіров. Астана: Баспа: «Жарқын Ко», 2017. – Б. 397-402.

4. Айтимов Б.Ж. Қазақстан республикасында коммерциялық емес ұйымдар қызметін құқықтық реттеу мәселелері: 6D030100 – құқықтану мамандығы бойынша филос. докт. (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дис. Талдықорған. 2016. – 161 б.

5. Юридические лица в российском гражданском праве: монография. В 3-х т. / А.В. Габов, О.В. Гутников, Н.Г. Доронина и др.; отв. ред. А.В. Габов, О.В. Гутников, С.А. Сеницын. М.: Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве Российской Федерации: ИНФРА-М, 2015.

6. Ударцев С.Ф. Будущее – уже завтра // Казахстанская правда. 20 июня 2019 года.

### References (transliterated):

1. Monitoring zakonodatel'stva o yuridicheskikh licah: teoriya i praktika primeneniya. Nauchnoe izdanie / Pod red., Zh.U. Tlembaevoj. Astana: GU «Institut zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan», 2018. – 198 s.

2. Estemirov M.A. Zhauapkershiligi shekteuli serikttestiktің zhargylyk kapitallyndagy үlesti iesiz dep tanu zhonindegi otandyқ sot tazhiribesine sholu // Nedejstvitel'nye sdelki v grazhdanskom prave: materialy mezhdunar. nauchn. prakt. konf. V ramkah ezhegodnyh civilisticheskikh chtenij, posvyashchennoj 75-letiyu professora Rol'fa Knipera (Almaty, 19-20 maya 2016 g.) / Otv. red. M.K. Sulejmenov. Almaty: NII chastnogo prava, 2017. – B.702-710.

3. Estemirov M.A. Konstituciyaлық kundylyktardyn zheke қуқық саласындағы қолданьсы // Kazakstan Respublikasynyn Konstituciyasy Kunine arналған «Konstituciya zhane қоғам мен мемлекеттин zhangyruy» atty halykaralyk gylыmi-praktikalyk konferenciya materialdaryнұң zhinagy (2017 zh. 2-30 tamyz) / Zhalpy redakciyasyn baskargandar: I.I. Rogov, A.O. Shәkirov. Astana: Baspa: «Zharkyn Ko», 2017. – B. 397-402.

4. Ajtimov B.Zh. Kazakstan respublikasynda kommerciyalyk emes ujymdar qyzmetin kukykyk retteu мәселеleri: 6D030100 – kukyktanu mamandygy bojnsha filos. dokt. (PhD) darezhesin alu үshin dajyndalghan dis. Taldyқorgan. 2016. – 161 b.

5. Yuridicheskie lica v rossijskom grazhdanskom prave: monografiya. V 3-h t. / A.V. Gabov, O.V. Gutnikov, N.G. Doronina i dr.; otv. red. A.V. Gabov, O.V. Gutnikov, S.A. Sinicyn. M.: Institut zakonodatel'stva i sravnitel'nogo pravovedeniya pri Pravitel'stve Rossijskoj Federacii: INFRA-M, 2015.

6. Udartsev S.F. Budushchee – uzhe zavtra // Kazahstanskaya pravda. 20 iyunya 2019 goda.



### НОВЫЕ КНИГИ

**Ішкі істер органдарының криминалистері сот төрелігі қызметінде: Кітап-альбом.** Астана: Қазақстан Республикасы ИМ Жедел-криминалистикалық департамент). «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2019. – 368 б.

ISBN 978-601-7513-77-1

Кітап-альбом документалдық материал негізінде дайындалды және ішкі істер органдарының криминалистикалық қызметінің қалыптасу процесін, дамуы мен қазіргі уақыттағы жай-күйін көрсетеді. Аумақтық ішкі істер органдары криминалистикалық бөліністерінің тарихы, оның дамуы-на үлесін қосқан адамдар, сондай-ақ бүгінгі күні қызмет атқарып жатқан қызметкерлер жазылды. Кітап-альбом оқырмандардың кең қауымына арналған.

Кітап-альбомда Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Мұражайынан алынған отставкадағы полиция полковнигі Петр Иванович Бушуевтың «Из истории становления и развития криминалистических подразделений органов внутренних дел Казахской ССР (1918-1940 гг. и 1946-1979 гг.)» документалдық материалдары, з.ғ.к. Геннадий Иванович Поврезнюктің «История криминалистических подразделений органов внутренних дел Казахстана» кітабы, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстардың және Көліктегі Полиция департаменттерінің жедел-криминалистикалық бөліністері, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы ұсынған ақпараттар пайдаланылды.

**Криминалистері органдарының ішкі істер органдарының криминалистері сот төрелігі қызметінде: Кітап-альбом.** Астана: Оперативно-криминалистический департамент МВД Республики Казахстан. ТОО «Шаңырақ-Медиа», 2019. - 368 с. ISBN 978-601-7513-77-1

Кітап-альбом подготавливается на основе документального материала и освещает процесс становления, развития и современного состояния криминалистической службы органов внутренних дел. Представлена история криминалистических подразделений территориальных органов внутренних дел, люди, внесшие свой вклад в ее развитие, а также сотрудники, несущие службу в наши дни. Книга-альбом рассчитана на широкий круг читателей.

В книге-альбоме использованы документальные материалы из Архива Министерства внутренних дел Республики Казахстан «Из истории становления и развития криминалистических подразделений органов внутренних дел Казахской ССР (1918-1940 гг. и 1946-1979 гг.)», составленные полковником полиции в отставке Бушуевым Петром Ивановичем, книга к.ю.н. Поврезнюка Геннадия Ивановича «История криминалистических подразделений органов внутренних дел Казахстана», информация, предоставленная оперативно-криминалистическими подразделениями департаментов полиции городов Астаны, Алматы, Шымкента, областей и на транспорте, Карагандинской академией МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова.